

1943 жылдан  
басылымда  
(6194)  
14 ақпан  
2026 жыл

Ел шебінде

ҚР ҰҚК ШЕКАРА ҚЫЗМЕТІНІҢ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТІ

# ОТАН САҚШЫСЫ

## «...БІЗ СЕНДЕРГЕ СЕНЕМІЗ!»

7



КӨЗГЕ  
КӨРІНБЕС  
ҚЫЗМЕТ

2




АСАУЛАРДЫ  
БАПТАҒАН...

4



ЖЕҢІСКЕ  
ЖЕТЕЛГЕН  
ЖІГЕР

11



Әсіресе соңғы жылдардың ішінде ҰҚК Шекара қызметінің ел шебіндегі шекара басқармаларымен тығыз қарым-қатынас орнатқан «Сарбаз аналары» комитетінің басты миссиясы – құқықтары мен қауіпсіздігін қорғау, олардың әлеуметтік-психологиялық жағдайына қолдау көрсету және әскердегі қызметтің ашық әрі әділ өтуіне ықпал ету.

Соның айқын дәлелі, жақында аталған ұйымның Алматыдағы өкілі Татьяна Тропина ҰҚК Шекара қызметі Алматы облысы бойынша департаментінің Қарасай ауданы бойынша шекара басқармасының «Қаскелең» шекара бөлімшесінде болып қайтты. Соның алдында ғана аталған шекара басқармасының Ақжардағы оқу базасында «Әскер – аналар көзімен» республикалық акция аясында «Ашық есік күні» ұйымдастырылғаны белгілі. «Қаскелең» шекара бөлімшесінде өткен кездесу – осы шараның заңды жалғасы іспетті. Өйткені, өздерінің ел шебіндегі қызметтеріне кіріскендеріне көп уақыттың жүзі бола қоймаған сарбаздар Татьяна Геннадьевнаны өз жақындарындай қуана қарсы алған.

Алдымен «Сарбаз аналары» комитетінің өкілі Т.Тропина бөлімше бастығы капитан М.Букуновпен бірге мерзімді қызметтің сарбаздары үшін жасалған тұрмыстық жағдайлармен, олардың тамақтануы мен бос уақытын ұйымдастыру мәселелерімен танысты. Әрі қарай, ақпарат және тәрбие

жұмыстарына арналған бөлмеге енген қонақ өзін күтіп отырған жеке құраммен сұхбаттасуды бастап кеткен.

Айта кетерлігі, Татьяна Геннадьевна өзін сарбаз аналары мен шекара басқармаларының арасын байланыстырушы дәнекер санайды. Әрине, ол шекарашылармен ғана емес, Қарулы Күштердің Алматы облысындағы әскери бөлімдерімен жұмыс істеуді де жолға қойған. Отан алдындағы азаматтық борыштарын өтеп жүрген әскери қызметшілерге қатысты өзекті мәселелерді көтеріп келеді. Енді міне, өзінің «Қаскелең» шекара бөлімшесіне жасаған сапарында да Т.Тропина:

– Мен сіздердің қызмет етулеріңізге жағдай жасалғанын көріп тұрмын. Департаменттің өзім барған өзге шекара бөлімшелерінде де осылай екенін сеніммен айта аламын. Әйтсе де мен сіздермен бүгін патриотизм туралы сөйлескім келеді. Мен білемін, сіздер ата-әже, әке-ана, бауырларыңызды сағынып жүрсіздер. Олар да сіздерді уайымдап жүр. Бірақ, Отан қорғау – ер-азаматтарымыздың үлесіне тиген міндет. Абырой мен борыш. Осыны ұмытпаңыздар. Сондай-ақ, сіздерге еліміздің шекарасын күзету секілді жауапты қызмет жүктелді. Бұл дегеніміз, сіздердің арқаларыңызда біздің ұйқымыз тыныш, көңіліміз жай. Шекараға шыққан кезде осыны ешқашан ұмытпаңыз-

дар, - деп, сарбаздардың рухын көтерді. Аналық ақылын берді.

«Сарбаз аналары» комитетінің өкілімен кездесу кезінде сарбаздар да тартынып қалған жоқ. Қызметтері туралы айта келіп, шекара туралы, әскерден кейінгі жоспарлары жайында өз ойларымен бөліскен. Офицерлер мен келісімшарттың әскери қызметшілері тарапынан үнемі қолдау мен көмек жасалып тұратынын, ұжым өте ұйымшыл екенін ықыластана жеткізген. Өзі де солай екеніне сенімдіміз. Әсіресе, бөлімше бастығының тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары аға лейтенант Дәулет Саметов жас сарбаздармен тәрбие жұмыстарын жүргізуді жақсы жолға қойған. Осы орайда айта кету керек, офицер ақпарат және тәрбие жұмыстарына арналған бөлмеге жаңашылдық енгізген. Осылай ету арқылы ол сарбаздардың қызметтен кейінгі уақыттарын көңілді өткізулеріне жағдай жасап қойған. Құптарлық қадам.

Бұл – ата-аналардың аманатын арқалап жеткен Татьяна Геннадьевнаның да назарынан тыс қалған жоқ. Шекара бөлімшесін сарбаздардың екінші туған үйіне айналдыруға күш салған офицерлерге алғыс білдірді.

Әскери журналист  
Т. ДӘУЛЕТБАЕВА, «OS-CP».  
Суретті түсірген  
лейтенант Д. САМЕТОВ.




## КӨЗГЕ КӨРІНБЕС ҚЫЗМЕТ

### «Шекара аруы – 2026» бейнебайқауы

Құрметті оқырман!

2026 жылдың 10-23 ақпан аралығында «shekaraknbkz» инстаграм парақшасында Шекара қызметі әскери қызметшілерінің жұбайлары арасында «Шекара аруы-2026» байқауы өтуде.



Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің Жамбыл облысы бойынша департаментіне қарасты Жамбыл ауданы бойынша шекара басқармасының «Шөлдала» шекара бөлімшесі – атының өзіне жарасқан, кең тынысты кеңістікпен тілдесіп жатқан, қырағылық пен тәртіптің тіні ешқашан босаңсымайтын жауапты ұжым.

«Шөлдалада» күнделікті қызмет көзге көрінбейтін ұсақ тірлікпен өлшенбейді. Мұнда әр тәуліктің өз салмағы бар: таңғы саптың салмақты үнінен бастап, кешкі тыныштыққа дейінгі әр мезетте жауапкершілік қатар жүреді. Жыл басынан бері Мемлекеттік шекараға іргелес аумақта шекаралық режим талаптарын бұзуға әрекеттенген бірқатар құқық бұзушылардың жолы кесіліп, тиісті шаралар қабылданды. Осындай қызметтік-жауынгерлік нәтижелері ұжымның сақтығын ғана емес, жүйелі дайындық пен тұрақты бақылаудың нақты тиімділігін де аңғартады.

Осы ортақ істің алдыңғы шебінде бөлімше бастығы – аға лейтенант Асхат Ералхан тұр. Жасы жас болғанымен, қызметтің ыстығы мен суығына ерте төселген ұжымға талап қоя білетін әрі әр сарбаздың көңіл күйін қабілетін дөп аңғаратын басшы ретінде танылып келеді. Оның басқару мәнәрі – қатаңдық пен қамқорлықтың тепе-теңдігі: тәртіпке келгенде бір қадам шегінбейді, ал жеке құрамның рухани-психологиялық ахуалына келгенде әр адамға жеке жауапкершілікпен қарайды. Себебі шекара қызметінде тек бұйрық орындату азық етеді – сенім қалыптастыру, ортақ мақсатқа ұйыстыру, әрқайсының бойындағы жігерді дұрыс арнаға бағыттау аса маңызды. Асхат Әзизханұлы осыны күнделікті тәжірибесімен дәлелдеп, бөлімшенің жұмыс ырғағын нақты жоспармен, тұрақты дайындықпен үйлестіре біледі.

«Шөлдала» бөлімшесінің қызмет ерекшелігін айқындай түсетін маңызды нысанның бірі – «Жусан» бекеті. Апта сайын ауысымдық тәртіппен күзетке түсетін бұл пост таулы учаскені



бақылауда ұстап, шекара қауіпсіздігінің ең күрделі бағыттарының бірін қамтамасыз етеді. Таулы жердің өзіндік мінезі бар: ауа райы аяқ астынан өзгеріп, жол қатынасы қиындап, байланыс пен бақылау талаптары күшейе түседі. Осындай жағдайда посттағы қызмет – төзім мен ұқыптылықтың мектебі. «Жусанға» баратын әр ауысым өзімен бірге жауапкершіліктің салмағын ғана емес, шекараға деген ерекше сергектікті алып шығады.

Жыл басынан бергі қызметтік-жауынгерлік нәтижелері де осы мәдениеттің, осы тәртіптің нақты көрінісі. Шекара маңындағы режим талаптарын бұзуға әрекет еткендер дер кезінде анықталып, тоқтатылған сайын, бөлімше ұжымы өз жұмысының маңызын одан әрі сезіне түседі. Бұл – құр сөзбен айтылатын «сақтық» емес, нақты іс арқылы дәлелденетін сергектік. Ал сергектік бар жерде сенім бар; сенім бар жерде тұрақтылық орнығады.

Капитан  
А. ЖЕКСЕНБИН, «OS-ЧР».  
Сурет бөлімшеден.

## БИК МЕЖЕНІ ҰСТАҒАН

«Түпқараған» ұжымы қатарынан екінші жыл көшбасшы позициясын нық ұстап, жауынгерлік әзірлік және шекара қызметіндегі кәсіби шеберліктің жоғары деңгейін көрсетіп келеді.

Бөлім бастығы, подполковник Асланбек Амреновтың айтуынша, жоғары көрсеткіштерге қол жеткізуде шекара бөлімшесінің бастығы, 2020 жылғы Шекара академиясының түлегі капитан Даурен Қулахметтің үлесі зор.

— Капитан Қулахмет — өзіне де, бағыныштыларына да талап қоя білетін офицер. Жауынгерлік даярлыққа, жас әскери қызметшілерді оқытуға, тәжірибе алмасуға және әскери тәртіпті нығайтуға ерекше көңіл бөлетін білікті маман, — деп атап өтті подполковник А.Амренов.

2025 жылы бөлімше әскери қызметшілері шекара режимін бұзған 68 адамды ұстады, көші-қон заңнамасын бұзудың 78 фактісін анықтады, браконьерлікке қатысты 8 әрекеттің жолы кесілді.

Үлгі боларлық әскери қызметшілер жайында сөз қозғаған бөлімше бастығы өз әріптестерін ерекше атап өтті. Шекара бөлімшесі бастығының орынбасары, капитан Дәулет Мұхтаров жауынгерлік даярлық пен қызметті ұйымдастыруға жауапты. Оның басшылығымен оқу-жаттығу сабақтары жоғары кәсіби деңгейде жоспарланып, өткізіледі, бұл жеке құрамның қызметтік міндеттерді орындау кезіндегі үйлесімді әрекетіне тікелей ықпал етеді.

Шекара бөлімшесі бастығының орынбасары, аға лейтенант Мирас Тоқтарханов техникалық бақылау бекетінің қызметіне жетекшілік етеді. Ол радиолокациялық бақылау құралдарының үздіксіз жұмысын қамтамасыз етіп, Каспий теңізі акваториясында құқық бұзушыларды дер кезінде анықтауға жауап береді. Бұл — мемлекеттік шекараны қорғаудың заманауи жүйесіндегі маңызды бағыттардың бірі.

Бөлімшенің күнделікті қызметіне келісімшарт негізінде қызмет атқаратын әскери қызметшілер де елеулі үлес қосуда. Мобильді топтың бастығы, кіші сержант Тұрлан Иманқұлов бағынысты жеке құрамның оқытылуы мен тәрбиесіне жауап береді, тәртіп пен ұжымның ұйымшылдығына айрықша мән береді.

Мобильді топтың жүргізушісі, ефрейтор Аманбек Айтұрғанов қызметтік автокөліктің техникалық жай-күйіне жауапты, бөлімшенің күнделікті қызметте сенімді жұмыс істеуін қамтамасыз етеді.

«Түпқараған» шекара бөлімшесі 2025 жылдың қызметтік-жауынгерлік іс-әрекеттің қорытындысы бойынша Шекара қызметінің «Үздік шекара бөлімшесі» номинациясын алды. Бөлімше ҰҚК Шекара қызметі Маңғыстау облысы бойынша департаменті Қарақия ауданы бойынша шекара басқармасының құрамына кіреді.



«Түпқараған» шекара бөлімшесінің ұжымы алдағы уақытта да көрсетілген сенімді ақтап, мемлекеттік шекараның сеніп тапсырылған аймағын абыроймен күзетуді жалғастыра бермек.

Капитан  
А. ЖАНАЛИПОВ, «OS-ЧР».  
Суретті түсірген автор.



## НА СТРАЖЕ СТЕПНОЙ РОДИНЫ

Есть на севере страны места, о которых редко говорят громко. Не потому, что они не важны - наоборот. Потому что там надёжно. Село Сабит, земля, где родился великий казахский писатель Сабит Муканов - это не просто точка на карте Северо-Казахстанской области.



Это место, где любовь к Родине не в лозунгах, а в людях, в земле, в памяти. Здесь степь учит терпению, а история - ответственности. И именно рядом с этой землёй, в селе Будённое, стоит на страже Государственной границы пограничное отделение «Атколь».

Участок тихий, без громких сводок и показных тревог. Но каждый пограничник знает: если на границе спокойно - значит, кто-то работает правильно. Здесь не ждут происшествий - здесь не дают им случиться.

Возглавляет отделение капитан Жаслан Тюлюбаев, выпускник Пограничной академии ПС КНБ 2019 года, уроженец Северо-Казахстанской области, района имени Г. Мусрепова, села Нежинка, которое находится в непосредственной близости от Будённого, в тех же степных окрестностях. Именно эта земля сделала офицера особенно близким к региону, его

людям и специфике службы на участке. Спокойный, сдержанный, без лишних слов, он строит службу так, что каждый военнослужащий понимает свою задачу без давления и громких команд. Его ровный характер, требовательность без суеты и умение слышать личный состав особенно ценятся в отделении и среди местного населения, которое давно считает пограничников «своими».

Село Сабит, родина Сабита Муканова, сохраняет память о великом земляке, а дух его творчества - любовь к Родине, уважение к людям и истории ощущается здесь до сих пор. Военнослужащие пограничного отделения «Атколь» живут одной жизнью с местной землёй: они участвуют в праздниках, поздравляют аксакалов и ветеранов, помогают в хозяйственных делах, поддерживают в трудных моментах и всегда рядом с жителями.

Именно в этом тихом, ровном ритме, без громких слов и показной суеты, рождается настоящий патриотизм. Пограничное отделение «Атколь» показывает, что настоящая служба - это спокойная, уверенная и надёжная работа, где чёткая организация и уважение к людям идут рука об руку. Пока здесь стоят на посту, граница будет на замке, село - спать спокойно, а Родина - чувствовать себя защищённой.

**Майор Д. МУКАЖАНОВА,**  
«ОС-ЧР». Фото из подразделения границы.

## ҚЫРАҒЫЛЫҚ ЫРҒАҒЫ

Қазақстан Республикасының шекарасы кейде асқар таудың қиясындай асқақ көрінеді, кейде кең жазираның тынысындай сабырлы сезіледі.



Ал сол шекараның елге ең жақын, адамдарға ең таныс беті бар. Ол бет жолмен, доңғалақ ізімен, құжаттың парағымен, бақылаудың мұқият жанарымен сөйлейді. Осындай жауапкершілік жүгін күн сайын арқалап тұрған нүктелердің бірі Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметі Жамбыл облысы бойынша департаменті Қордай шекара басқармасына қарасты «Қарасу» автокөліктік шекаралық бақылау бөлімі.

«Қарасу» шекаралық бақылау бөлімі өз ырғағын ешқашан жоғалтпайды. Таң ата салысымен жолға тіршілік құйылып, әр көлікпен бірге әртүрлі тағдыр да қозғалысқа түседі. Бірі сапарға шықса, бірі жұмыс қамымен асығады, енді бірі туған жерге бет түзейді. Бірақ осы ағынның бәрі бір ортақ тәртіпке бағынады.



Осы жүйелі еңбектің басында «Қарасу» шекаралық

бақылау бөлімінің бастығы подполковник Мұхаммед Ибрагимов тұр. Жетекшілік бұл жерде тек ұйымдастыру емес, ұжымның ішкі тынысын сақтау, әр маманның еңбегін бір арнаға тоғыстыру, күрделі ағын ішінде салмақты шешім қабылдай білу. Бөлім бастығының талапшылығы қаталдыққа ұласпайды, қайта тәртіпті орнықтырып, қызмет сапасын биіктететін кәсіби мәдениетке айналады. Ал сабырлығы қызметкерлерге сенім береді, бақылаудың әр кезеңінде салқынқандылық пен дәлдікті ұстап тұруға демеу болады.

Осы жылдың қаңтар мен ақпан айларында «Қарасу» автокөліктік шекаралық бақылау бөлімі заңсыз айналымға жол бермеу бағытындағы бақылауды күшейтіп, тексеріс барысында пайдаланылуы мүмкін синтетикалық сұйықтықтарды өткізу әрекеттерін анықтап, дер кезінде тоқтатты. Бұл көзге бірден байқала бермейтін, бірақ қоғам қауіпсіздігі үшін маңызы зор жұмыс екені анық: әрбір күмәнді жүктің жолын кесу арқылы олар шекара кеңістігіндегі тәртіпті ғана емес, ел ішіндегі тұрақтылықты да қорғай түсті.

«Қарасу» автокөліктік шекаралық бақылау бөлімі мемлекет пен азамат арасындағы сенім көпірі іспетті. Мұнда талап бар, өйткені заң бар. Мұнда ілтипат бар, өйткені адам бар. Тәртіп пен сыйластық қатар жүрген жерде ғана шекараның беделі биік болады. Сол беделді күн сайын нақты қызметпен бекітіп жүрген мамандардың жұмысы бір сәтке де әлсіремейді.

**Капитан А. ЖЕКСЕНБИН,**  
«ОС-ЧР». Сурет бөлімшеден.





## ЖОҒАРЫ ЖАУАПКЕРШІЛІК

ҚР ҰҚК Шекара қызметінің Түркістан облысы бойынша департаментіне қарасты Сарыағаш ауданы бойынша шекара басқармасының Күзет тобы жауапты міндетті абыроймен атқарып келе жатқан бөлімшелердің бірі.

Аталған Күзет тобы 2020 жылы құрылып, оған дейін комданттық рота ретінде қызмет атқарған. Бүгінде бөлімше Сарыағаш ауданы бойынша шекара басқармасында орналасқан бақылау-өткізу пункттерінде, сондай-ақ өкімшілік ғимараттарда тәулік бойы күзет пен ішкі қарауыл қызметін қамтамасыз етеді. Күзет тобының негізгі міндеттері – бақылау-өткізу пункттері арқылы өтетін адамдар мен көлік құралдарының заңдылығын қадағалау, мүліктің әкелінуі мен әкелілуінің тәртібін бақылау, қару-жарақ сақтау қоймалары мен әскери, ұрыс техникаларының қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Бұл – жоғары жауапкершілікті, қырағылық пен кәсіби даярлықты талап ететін қызмет. Бөлімше басшысы – капитан Азамат Абылханов. Ол 2014–2018 жылдары ҚР ҰҚК Шекара қызметі академиясын тәмамдап, жедел жұмыс офицері, басқару саласының маманы ретінде шекара қызметінде түрлі лауазымдарда қызмет атқарған. 2024 жылдың желтоқсан айынан бастап Сарыағаш шекара басқармасы Күзет тобының бастығы қызметін атқарып келеді. Басшы ретінде ол бөлімшенің жауынгерлік даярлығы мен тәртіп деңгейін арттыруға, жеке құрамның кәсіби өсуіне ерекше көңіл бөледі. Күзет тобы басшысының орынбасарлары – капитан Нұрсұлтан Абдулхай мен аға лейтенант Тілеуберді Батырбек. Екеуі де шекара қызметінде тәжірибесі мол, өз міндеттерін жоғары деңгейде атқарып жүрген офицерлер.

Күзет тобы соңғы жылдары жоғары нәтижелерге қол жеткізді. Атап айтқанда бөлімшелер арасында «Үздік қару сақтау орны» номинациясының жеңімпазы атанды. Сонымен қатар, жеке құрам арасынан үздік қарауыл бастықтары анықталып, қызметтік даярлық пен қырағылықтың жоғары деңгейі дәлелденді. Бұл жетістіктер – күнделікті қажырлы еңбектің, темірдей тәртіп пен ұжымдық ауызбіршіліктің нәтижесі. 2026 жылғы 3 ақпанда бақылау-өткізу пунктінде кезекшілік атқару барысында күзет тобының әскери қызметшілері бақылау аймағында күмәнді тұлғаны дер кезінде байқап, заң бұзушылықтың алдын алды. Қызметтің дұрыс



ұйымдастырылуының арқасында құқықбұзушы ұсталып, тиісті органдарға тапсырылды. Бұл оқиға күзет тобының кәсіби деңгейі мен жедел әрекет ету қабілетінің айқын дәлелі болды.

Жауапты міндетті абыроймен атқарып жүрген шекарашылардың еңбегі әрдайым құрметке лайық.

Подполковник  
Р. АСАДИЛОВ, «OS-ЧР».  
Сурет басқармадан.

## АСАУЛАРДЫ БАПТАҒАН...

Кавалериялық топтың негізгі міндеті – қызметтік жылқыларды шекара күзету талаптарына сай үйрету және оларды практикалық қолдануға дайындау. Асау тайларды баптау мен жаттықтыру арнайы бекітілген «Мініс жылқыларды үйретуден өткізу» бағдарламасына сәйкес жүргізіледі. Бағдарлама екі айға жуық оқу күнін қамтып, жалпы екі жүзден астам сағаттық оқу-жаттығу уақытынан тұрады. Әрбір оқу күні алдын ала жоспарланып, жаттығулар кезең-кезеңімен күрделене түседі.

Оқу-жаттығудың басты мақсаты – үш жасар асау тайларды шекара қызметіне толық жарамды деңгейге жеткізу. Бұл үдеріс тек атқа мінуді үйретумен шектелмейді. Жылқының адамға үйренуі, мінез-құлқының тұрақтануы, күтпеген жағдайларға реакциясы, кедергілерден өту қабілеті жан-жақты тексеріліп, шыңдалады. Тайлар қатты дыбыстарға, бөгде нысандарға, судан өту, тағалату секілді техникалық рәсімдерге бейімделеді. Мұның барлығы қызмет жағдайда ат пен атшының өзара үйлесімді әрекет етуін қамтамасыз етуге бағытталған.

Жаттығулар арнайы манежде, алдын ала дайындалған құрал-жабдықтар мен оқу материалдарының көмегімен өтеді. Қауіпсіздік талаптары қатаң сақталып, әрбір жаттығу кәсіби нұсқаушылардың бақылауында жүргізіледі. Оқу кезеңі аяқталған соң, қызметтік жылқыларды қабылдау үшін арнайы комиссия құрылады. Комиссия әрбір жылқыны жеке-жеке тексеріп, оның шекара күзетуге жарамдылығын бағалайды. Бағалау қорытындысына сәйкес жылқылар тікелей қызметке жіберіледі немесе қосымша қайта үйретуге қалдырылады.


Кавалериялық топтың қызметінде ғылыми тәсіл де кеңінен қолданылады. Жылқы тұқымын асылдандыру, төзімді әрі бейімделгіш қасиеттерін арттыру мақсатында жоғары оқу орындарының мамандары тартылып, селекциялық жұмыстар жүргізілуде. Бұл бағыттағы тәжірибе қызметтік жылқылардың сапасын арттырып қана қоймай, отандық кавалерия мектебінің дамуына да үлес қосуда.

Қазіргі таңда бөлімшеде бірнеше асыл тұқымды айғырлар мен қазақы жылқы тұқымдары бар. Бұл – шекарашыларға лайық, төзімді әрі ұзақ қашықтыққа бейім жылқыларды өсіруге мүмкіндік беретін маңызды қор. Аталған жұмыстардың барлығы ҰҚК Шекара қызметі жүйесінде кавалериялық бөлімшелердің өлеуетін күшейтуге бағытталған.


ҚР Журналистер  
одағының мүшесі,  
подполковник  
М. ҚАРЕКЕНОВ, «OS-ЧР».  
Сурет шекара бөлімшесінен.



Қазақстан Республикасы Жетісу облысы бойынша Департаментінің Панфилов ауданы бойынша шекара басқармасының Оқу жаттығу үйрету кавалериялық тобының шекарашылар арасында орны айрықша. Текелі қаласында орналасқан әскери ұжым осы бағыттағы жүйелі жұмысты абыроймен атқарып келеді. Бөлімшенің қызметі шекара аймақтарының табиғи-географиялық ерекшеліктеріне бейімделген, күрделі бедерде қызмет етуге қабілетті жылқыларды дайындауға бағытталған.



419 145 1 571 594  
6-ҮМІТКЕР:  
Түркістан облысы бойынша  
департаментінің аруы  
**ШЕСТАКОВА МАРГАРИТА ЕВГЕНЬЕВНА**  
10 февраль - Показать перевод



8 679 3 061 584  
7-ҮМІТКЕР:  
Қызылорда облысы бойынша  
департаментінің аруы  
**ЖОЛДАСБАЕВА ФАРИЗА  
МАХАМБЕТҚАЛИҚЫЗЫ**  
10 февраль - Показать перевод



3 851 1 194 459  
8-ҮМІТКЕР:  
Маңғыстау облысы бойынша  
департаментінің аруы  
**КУЛМАНБЕТОВА АРУЖАН  
ЕРЖАНҚЫЗЫ**  
10 февраль - Показать перевод



## ТӘЖІК-АУҒАН ШЕКАРАСЫНДАҒЫ ҚЫЗМЕТКЕ – 25 ЖЫЛ



Қазақстан Республикасының әскери тарихындағы елеулі кезеңдердің бірі – жеке құрамды атқыштар батальонының тәжік-ауған шекарасынан шығарылғанына 25 жыл толуы. Осы атаулы сәтке орай ҚР ҰҚК ШҚ Шығыс Қазақстан облысы бойынша департаментінде салтанатты іс-шаралар өтті.

Жиын Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұранымен ашылды. Департамент бастығы полковник Бауыржан Садықов Тәжікстандағы бітімгершілік миссияның маңызын атап өтіп, бұл күннің ерлік пен әскери антқа адалдықтың символы екенін жеткізді.

Қазақстандық әскери қызметшілер сегіз жылдан астам уақыт бойы азаматтық соғыс жағдайында тәжік-ауған шекарасында қызмет атқарып, ТМД-ның сыртқы шекарасын қорғады. Өкінішке қарай, қаза тапқан әскери қызметшілеріміз де болды.

Солардың қатарында жерлесіміз, батыр шекарашы кіші сержант Раджан Батрканов та бар. Батырдың есімі шекара бөлімшесінің және туған жеріндегі көшеге берілді.

Іс-шара барысында қызметтік борышын өтеу кезінде қаза тапқан әскери қызметшілерді бір минут үнсіздікпен еске алды. Қазақстан Республикасының жеке құрамды

атқыштар батальоны туралы деректі фильм көрсетілді. Сонымен қатар шекара ардагерлері қоғамдық бірлестігінің Шығыс Қазақстан облысы бойынша кеңесінің төрағасы, запастағы подполковник Талғат Калигожин сол жылдардағы жауынгерлік қызмет туралы естеліктерімен бөлісті.

Келесі күні, 2026 жылғы 7 ақпанда, Департаменттің әскери қызметшілері арасында «SPORTFEST» шағы жарысы ұйымдастырылды. Оның мақсаты – жеке құрамның дене дайындығын арттыру, салауатты өмір салтын насихаттау және жауынгерлік рухты нығайту.

Атаулы іс-шаралар Отанға адал қызмет ету дәстүрінің сабақтастығын айқындай түсті.

Подполковник  
**Ғ. БАКЕТОВ, «OS-ЧР».**  
Сурет департаменттен.

## МҰҚАҒАЛИ – МӘҢГІЛІК ҒҰМЫР



Тәңіртаудың етегіндегі Қарасаз деген ауылда дүние есігін ашқан ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың туғанына 95 жыл толуына орай, Алматы кітапханаларына қарасты №39 балалар кітапханасында «Мұқағали – мәңгілік ғұмыр» атты әдеби кеш өтті.

Қай-қайсысымызға да шабыт шақыратын шараның құрметті қонағы белгілі жазушы, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Нұрдәулет Ақыш болса, кешке ҰҚК Шекара қызметі Алматы облысы бойынша департаментінің Сержанттар құрамын даярлау бөлімінің әскери қызметшілерімен бірге Бауыржан Момышұлы атындағы №131 мектебінің жоғары сынып оқушылары қатысты.

Біз мынау өмірді, Отанымызды, табиғатты, бәрі-бәрін ақиық ақынның көзімен көріп, сезіне де, түсіне де аламыз ба?! Күмәнім бар. Содан да Мұқағалиның шығармашылығы жайында әдемі әңгіме өрбітіп, тыңдаушысын ұйытқан Нұрдәулет ағамен келіспеу мүмкін емес еді. Жазушы Мұқағали поэзиясының көркемдік әлеміне, тілдік өрнегіне, образ жасау шеберлігіне, кеңдік, шыншылдық, зиялылық, атойлап тұратын мейірбандыққа кеңінен тоқталған. Әрине, әдеби кешті ұйымдастырушылар да «қапы» қалмаған. Мұқағали туралы шағын бейнеролик дайындап, бүгінгі әдемі отырыстың көркін одан сайын кіргізе түскен.

Сөз үзіліс, Алматы облысы бойынша департаментінің 5 жылдығына орай жарық көрген «Біз – Отанның берік қалқаны» атты тарихи-танымдық кітапты жазу үшін Нарынқол өңірін аралаған едік. Сол жолы біз ақынның кіндік

қаны тамған Қарасазында арнайы болып, мұражайына ат басын тірегенбіз. Ал мұнда бізді... ақынның балалық шағы, әжесі, достары, бәрі-бәрі қарсы алған. Жүректі жаулап алған ыстық көріністер еді... Біз сол жолы ақынның ауылына Мұқағали «Шекарада» бастаған бірнеше поэма жазғаны үшін ғана емес, Отанын шексіз сүйгені, өзінің өршіл өлеңдері үшін барған едік. Сол сапардан бері Нарынқолға жолымыз түскен сайын Сол жағымызда қалып бара жатқан Қарасазға қимай көз салатын болғанымызды несің жасырайық...


... Нұрдәулет Ақыштың әдемі де сыршыл әңгімесінен соң кезек алдымен жырқұмар өрендерге тиген. Сержанттар құрамын даярлау бөлімінде біліктілік курсынан өтіп жатқан келісімшарт қызметінің қатардағы жауынгері Жасұлан Молдрахманов ақынның «Шекарада» өлеңін аса шебер оқыды. Ал білімін көтеру үшін Ақтөбе облысы бойынша департаментінен келген ефрейтор Азамат Сәдірбай Мұқағалидың «Несіне асығады» атты жүрек тербетер әнін гитарамен әуелете шырқап, тындарманның көңілін тұщытқан. Бұл жағынан батырдың есімін өңшілеген білім ошағының өнерлі өрендері де кем түспеген. Мектеп кітапханашысы Мадина Мырзахметова бастап келген оқушылар ақынның өлеңдерін оқып, Нұрдәулет ағаның ерекше қошеметін иеленді.

Кеш соңында балалар кітапханасы атынан Жадыра Закирова жазушы Нұрдәулет Ақыш, Сержанттар құрамын даярлау бөлімі бастығының тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары подполковник Азамат Биманов және Бауыржан Момышұлы атындағы мектептің кітапханашысы Мадина Тортайқызын Алғысхаттармен марапаттады. Өз кезегінде, подполковник А. Биманов кітапхана ұжымына департаменттің ғасырлық тарихы бар шекарасы жайында сыр шертетін «Біз – Отанның берік қалқаны» кітабын сыйға тартты.

Мұқағали ақын алып поэзия дариясына тінемдай кіршік түсірмей, өмірді, махаббатты, өлімді талмай жырлап келеді. Өйткені, ол ХХ-ғасырда туғанымен өзін «ХХІ-ғасырдың құрда-сына» балап кеткен. «Мұқағали – мәңгілік ғұмыр» деп аталатын бүгінгі кеш, бұл ғана емес, ақынның Қарасазында, республикамыздың түкпір-түкпірінде өтіп жатқан шаралар – сөзіміздің дәлелі бола алады.

Жазылар естеліктер мен туралы,  
Бірәулер жан еді дер өр тұлғалы,  
Бірәулер тұлпар еді дер де мүмкін,  
Бүтінделмей кеткен бір ер-тұрманы.  
Осылай деп, Мұқағалидан өзге кім айта алар...


Әскери журналист  
**Т. ДӘУЛЕТБАЕВА, «OS-ЧР».**  
Суретті түсірген автор.



641 339 822 201

9-ҮМІТКЕР:  
Атырау облысы бойынша  
департаментінің аруы  
**ОСПАН ТОҒЖАН ДОСАНҚЫЗЫ**


10 февраль - Показать перевод



3 086 1 054 89

10-ҮМІТКЕР:  
Батыс Қазақстан облысы бойынша  
департаментінің аруы  
**ҚАБЫЛТАЙ АЙНАЗЫМ АЛМАСҚЫЗЫ**

10 февраль - Показать перевод



68 613 483 119

11-ҮМІТКЕР:  
Ақтөбе облысы бойынша  
департаментінің аруы  
**ДҮЙСЕН ГҮЛДАНА ЕЛУБЕКҚЫЗЫ**

10 февраль - Показать перевод



## «БОРЫШ ПЕН БАТЫРЛЫҚ»

Өткен апта мен үшін айрықша мәнге ие. 33 жылдық тарихы бар Жеке құрама атқыштар батальонына арналған алғашқы деректі фильмнің тұсаукесері өтті. Фильмнің атауы — «Борыш пен батырлық». Бұл жай ғана деректі фильм көрсетілімі ғана емес, өткенмен жасалған үнсіз диалог, уақытты бір сәтке тоқтатып, жадыны тірілкен тағдырлы кездесу еді.

Деректі фильм — тек кадрлар мен сөздердің жиынтығы емес. Бұл — тарихтың жүрек соғысы. Экраннан сезілетін тыныс. Әр кадрда шындық бар, әр естелікте адалдық пен ерліктің ізі жатыр. Ардагерлердің әңгімесі арқылы өткен күндер қайта тіріліп, көрермен оны тек көріп қана қоймай, жүрегімен қабылдайды.

Фильм — бұл оқиға емес, көпір. Өткен мен бүгінді жалғайтын, ұрпаққа сабақ беріп, болашаққа бағыт сілтейтін рухани көпір. Мұнда борыш пен батырлық, достық пен бауырластық деректі фильмнің басты философиясына айналады. Тұсаукесер аяқталған соң генерал-майор Тоқтасын Бузубаев залдан шығып келе жатып, көзіне жас алып: «Рахмет, тарихты сақтадыңыз», — деді.

Осы бір қысқа ғана сөз мен үшін бүкіл еңбектің мәнін айқындап бергендей болды. Одан кейін фильмді көргендер өз әсерлерімен бөлісе бастады. Ардагерлер қоңырау шалып, алғыстарын айтты. Кейбірі жаныма келіп, қолымды қысып, үнсіз ғана ризашылығын білдірді. Әр көрермен бұл фильмнен өз өткенін, өз тағдырын, өз тарихын тапқандай күй кешті.

Бұл деректі фильмнің жарыққа шығуына шекара ардагерлері «Застава тарландары» республикалық қоғамдық бірлестігінің төрағасы генерал-майор Мұхтар Сабыдоловтың сенімі мен қолдауы ерекше рөл атқарды. Оның жобаға деген сенімі, бастамаға берген демеуі — 9 мыңға жуық астам ардагердің тарихын экран арқылы сөйлетуге мүмкіндік берді.

«Борыш пен батырлық» мен үшін тек шығармашылық



жұмыс емес. Бұл — адамдар арасындағы сенімнің, серіктестік пен адамгершіліктің көрінісі. Деректі киноның күші де осында: ол ойландырады, толғандырады, тарихты құр дерек ретінде емес, тірі тағдыр ретінде сақтайды.

Өткенді ұмыту — қателік. Ал оны жаңғырту — борыш.

Бұл фильм — батальон тарихы ғана емес. Бұл — адалдықтың, ерліктің, бірліктің символы. Өткеннен сабақ алып, болашаққа бағдар беретін рухани аманат.

Подполковник  
Ж. КЕМЕЛ, «OS-ЧР».  
Суреттерді түсірген  
қатардағы Д. ҚУАНЫШЕВ.

## ШЕКАРАДА ҚЫЗМЕТ – МЕНІҢ ТАҢДАУЫМ!

Шекара мінезі – бәрінен бөлек. Ол күн сайын «сақ бол» деп үн қатады, әр түн сайын «қырағы бол» деп ескертеді. ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жамбыл облысы бойынша департаментіне қарасты «Бесағаш» шекара бөлімшесінде де дәл осындай салмақты тыныс бар: сырт көзге бәрі қалыпты көрінгенімен, бұл жерде әр қадам есеппен, әр әрекет тәртіппен жасалады.

Осындай ортада шыңдалып жүрген мерзімді әскери қызметші, қатардағы жауынгер Асылбек Нұржігіт Абиқұлұлымен сөйлесіп, шекарадағы сарбаз өмірінің шынайы бояуын – оның ойы, әсері, қызметке деген көзқарасы арқылы тарқатуды жөн көрдік.

– Әскерге келу шешімі сіз үшін қалай қабылданды?

– Әскерге өз қалауыммен келдім. Мен ойлаймын, әрбір азамат Отан алдындағы борышын өтеуі қажет. Бұл – сөзбен ғана емес, өзің көріп, өзің сезінетін мектеп сияқты.

– Отбасыңыз туралы айтып берсеңіз. Үйдегілер қызметіңізге қалай қарайды?

– Отбасымызда жеті адамбыз: әкем, анам, екі әпкем, ағам және қарындасым бар. Әкем де әскерде болған, ағам да әскерде болған. Ал мен қазір мерзімді әскери борышымды өтеп жүрмін. Үйдегілер қолдайды, ақ батасын береді.

– Шекарада қызмет атқарып жүргеніңізді қалай қабылдайсыз?

– Өте қуаныштымын. Шекара шебінде сап түзеп, қолыма қару алып, Мемлекеттік шекарамды қорғап жүргенім – мен үшін үлкен абырой. Кейде шаршау болады, бірақ сол шаршаудың өзінде мағына бар.

– «Бесағаш» бөлімшесіндегі қызмет, күн тәртібі сізге қалай әсер етті?

– Ең алдымен тәртіпке үйретті. Уақыттың қадірін түсінесің: әр істің өз мезгілі бар, әр тапсырманың өз жауапкершілігі бар. Күн тәртібі нақты болған сайын өзің де жинақылана түседі екенсің.


– Қызметтің ең қиын тұсы мен ең ұнайтын жағы қандай?

– Қиыны – бастапқыда бөріне бірден үйренісу: режим, талап, жауапкершілік. Ал ұнайтыны – ұжым. Бәріміз бір мақсаттамыз, бір-бірімізге сүйеу боламыз. Бір ортада шыңдалған соң, өзің де мықтылана түсесің.

– Қызметке тез бейімделуге не көмектесті?

– Үлкендердің ақылы, командирлердің талапшылдығы, сарбаздар арасындағы өзара қолдау көмектесті. Кейде бір ауыз сөздің өзі жігер береді.

– Кейбір жастар әскерден қорқады. Сіз не дер едіңіз?



– Әскерден қорқудың еш қажеті жоқ деп санаймын. Менің пайымдауымша, әрбір тұлға Отан алдындағы борышын өтеп, мұның мәнін өз көзімен көріп, жүрегімен сезініп көрсе екен деймін.

– Соңғы сұрақ: бүгінгі қызмет сізді қандай адам етіп қалыптастырып жатыр?

– Сабырлырақ, жауапкершілігі жоғарырақ адам болып келемін. Ең бастысы – Отан деген ұғымның салмағын тереңірек түсіндім. Шекарадағы әр күн соны ұғындырады.

– Асылбек, қызметіңіз абыройлы, сапарыңыз сәтті болсын!

Капитан  
А. ЖЕКСЕНБИН, «OS-ЧР».  
Сурет бөлімшеден.



825 977 1 519 384

12-ҮМІТКЕР:

Қостанай облысы бойынша  
департаментінің аруы

ТЕМІРБОЛАТОВА РИЗАГҰЛ СЫЗДЫҚЫЗЫ

10 февраль • Показать перевод



6 684 352 123

13-ҮМІТКЕР:

Солтүстік Қазақстан облысы бойынша  
департаментінің аруы

ҚАМАЛ АЙЖАН БЕРДІБЕКҚЫЗЫ

10 февраль • Показать перевод



162 940 2 292 536

14-ҮМІТКЕР:

Павлодар облысы бойынша  
департаментінің аруы

ЧУЖАЕВА МАРЖАН ОРАЗАЛОВНА

10 февраль • Показать перевод



## ЕРЛІК ҰМЫТЫЛМАЙДЫ

Кеңес әскерлерінің Ауғанстан жерінен шығарылуы мен Қазақстан Республикасының жеке құрама атқыштар батальоны тәжік-ауған шекарасынан оралуы – уақыт бедерінде айрықша із қалдырған маңызды белестер.



Осы тарихи оқиғаларды ұлықтау мен шекара қызметінің мәртебесін асқақтату мақсатында Туран-Астана университетінде тағым шарасы өтті. Кездесуге шекарашы ардагерлердің «Застава тарландары» Республикалық қоғамдық бірлестігінің өкілі полковник Ә.Төлегенов, Шекара қызметі орталық аппаратының офицері подполковник Т.Болдусов, сондай-ақ орта мектептердің жоғары сынып оқушылары мен университет студенттері қатысты. Әр буын өкілдерінің басын қосқан бұл жүздесу ел тарихының маңызды кезеңдерін еске алумен қатар, бүгінгі бейбіт өмірдің бағасын ұғындыруға бағытталды.

Кештің рухын ҚР ҰҚК Шекара қызметі ансамблінің патриоттық әндері айрықша көтерді. Отаң, ел бірлігі, ерлік пен ар-намыс тақырыбындағы шығармалар залға жиналған

қауымның жүрегіне жол тауып, тәуелсіз елдің тыныштығы мен тұтастығы үшін қызмет етудің қасиетті міндет екенін тағы бір мәрте сезінді.

Мұндай мазмұнды кездесулер – ұрпақ сабақтастығын жалғайтын алтын көпір. Олар жас буынның санасында Отан алдындағы жауапкершілік сезімін күшейтіп, әскери қызметке деген қызығушылықты арттырады. Ел шебін күзету – абырой мен адалдықты талап ететін мәртебелі міндет. Университет қабырғасында өткен бүгінгі жүздесу осы ақиқаттың айқын айғағы болды: ерлік ешқашан ұмытылмайды, ал оны ұлықтау – болашаққа деген сенімнің көпірі.

Лейтенант Д. ЖАМУХАМБЕТОВ, «OS-ЧР».  
Суретті түсірген А. ТӨЛЕГЕНОВ.

## СПОРТТА ШЫҢДАЛҒАН

ҚР ҰҚК Шекара қызметінің Павлодар облысы бойынша департаментіне қарасты «Желтоқсан» шекара бөлімшесінің аға барлаушы-снайпері кіші сержант Айзар Нурбаев 2025 жылғы қызметтік-жауынгерлік іс-әрекеттің қорытындысы бойынша «Үздік мерген» атанып, кәсіби деңгейін нақты нәтижемен көрсете білді.

Айзар 1997 жылы Павлодар облысы, Успен ауданының Қаратай ауылында дүниеге келген. Бала кезінен спортқа бейім болып өсті. Әсіресе шаңғы жарысында жоғары жетістіктерге жетіп, спорт шеберлігіне үміткер атанды. Республика және облыс деңгейіндегі түрлі жарыстардың жүлдегері болып, Қазақстан Республикасының жастар құрамасының сапында ел намысын қорғады.

Әскери қызметтегі жолы Алматы қаласында орналасқан Шекара қызметінің 2468 әскери бөлімінде басталды. Мерзімді әскери қызметтен кейін Айзар келісімшарт негізінде қызметін жалғастырып, ҚР ҰҚК Шекара қызметінің академиясында спорт басының бастығы қызметін атқарды. 2021 жылы отбасылық жағдайына байланысты туған өлкесіне оралып, Павлодар облысы бойынша департаментіне ауысты. Қазіргі таңда ол «Желтоқсан» шекара бөлімшесінде аға барлаушы-снайпер ретінде қызмет атқарып келеді. Қызмет барысында шекара бұзушыларды ұстауға ат салысқаны үшін басшылық тарапынан бірнеше рет марапатталды.

Айзар спорттан еш уақыт қол үзген емес. Жыл сайын департамент құрамасының сапында спартакиадаларға қатысып, қызметтік биатлон бойынша жүлделі орындардан көрініп келеді. Сонымен қатар ол облыстық және республикалық чемпионаттардың тұрақты жүлдегері ретінде әріптестері арасында зор құрметке ие.

Бос уақытында волейбол ойнап, теледидардан күнделікті жаңалықтарды көргенді ұнатады.

Ал отбасында Айзар – жауапты әке, қамқор жар. Жұбайы Маржан Жаңа жұлдыз ауылының мектебінде мұғалім болып еңбек етеді. Қос қыз тәрбиелеп отырған отбасында өзара сыйластық пен қолдау берік қалыптасқан.

Кіші сержант Айзар Нурбаевтың өмір жолы – спорттағы табандылықтың шекарадағы адал қызметпен ұштасқан айқын көрінісі. Оның дәлдікке негізделген кәсіби шеберлігі мен тұрақты еңбегі – жас шекарашыларға үлгі боларлық өнеге.

Майор Г. САДЫКОВА, «OS-ЧР».  
Сурет отбасылық мұрағатынан.





## КӘСІБІНЕ АДАЛ

Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуде Мемлекеттік шекараның мызғымастығы айрықша маңызға ие. Бұл жауапты міндетті абыроймен атқарып жүрген шекара сақшыларының әрқайсысы – ел тыныштығының кепілі.



Солардың қатарында ҚР ҰҚК ШҚ Түркістан облысы бойынша департаментінің Мақтаарал ауданы бойынша шекара басқармасына қарасты «Бостандық» шекара бөлімшесінің старшинасы аға сержант Данияр Сейдинов бар.

Данияр Жораевич 1981 жылы Шымкент қаласында дүниеге келген. Балалық шағы мен жастық кезеңі осы өңірде өтіп, М.Әуезов атындағы университеттің экономика факультетіне түсіп, жоғары білім алып шықты. 2001 жылы қараша айында Алматы облысы Шонжы ауданындағы ҰҚК ШҚ 2534 әскери бөліміне мерзімді әскери қызметке шақырылып, әскери жолын бастады. Қысқа мерзімде өзіне жүктелген міндеттерді жауапкершілікпен атқарып, сержанттық құрам мектебінен өтіп, бөлімше командирі лауазымына дейін көтерілді.

2004 жылдан бастап келісімшарт негізінде шекара қызметінде тұрақты қызметін жалғастырып, Оңтүстік Қазақстан облысының Сарыағаш, Мақтаарал, Шардара аудандарындағы бірқатар шекара заставаларында бөлімше командирі, аға нұсқаушы, старшина сынды жауапты лауазымдарда қызмет атқарды. 2016 жылдан бастап «Сырдария» шекара заставасының старшинасы ретінде жеке құрамның тәртібі мен қызметтік даярлығын арттыруға елеулі үлес қосты. Ал 2022 жылдың маусым айынан бері Мақтаарал ауданы бойынша шекара басқармасының «Бостандық» шекара бөлімшесінің старшинасы лауазымында абыроймен қызмет етіп келеді. Қызмет барысында аға сержант Сейдинов мемлекеттік шекараны қорғау ісінде жоғары қырағылық танытып, нақты нәтижелерге қол жеткізді. 2005 жылы «Атакент» шекара заставасының аумағында 800 грамм есірткі затын тәркілеуге тікелей қатысуы – соның айқын дәлелі. Мінсіз қызметі ескеріліп, өңірлік басқармасының грамотасына, Мақтаарал ауданы әкімінің алғыс хатына, шекара басқармасы басшылығы тарапынан алғыс хаттар мен грамоталарға ие болды.

Қызметпен қатар, Данияр – өнегелі отбасы иесі. 2012 жылы заңды некеге тұрып, бүгінде төрт ұл тәрбиелеп отырған әке. Жұбайы – Қалдыбекова Дина Женисовна, отбасылық құндылықтарды жоғары қоятын, шаңырақтың берекесін сақтап отырған аяулы ана.

Шекара қызметіндегі табандылық, тәртіпке беріктік пен кәсіби адалдық – аға сержант Сейдиновтің өмірлік ұстанымы. Осындай азаматтардың еңбегі арқылы мемлекеттік шекараның қауіпсіздігі қамтамасыз етіліп, ел тыныштығы берік сақталуда.

Подполковник  
Р. АСАДИЛОВ, «OS-ЧР».  
Сурет шекара бөлімшесінен.

## АДАЛДЫҚПЕН ӨРІЛГЕН ӨМІР

Ел шебін күзету – әр азаматтың өміріндегі ең үлкен жауапкершілік пен мәртебе. Бұл – темірдей тәртіп пен мызғымас ерлікті талап ететін қасиетті борыш. Осындай ауыр да абыройлы қызметтің алдыңғы сапында жүрген жандардың бірі – аға сержант Жандос Қоянбаев.

Жандос Ертасұлы – Қызылорда облысы, Шиелі ауданының тумасы. Әскери қызмет оның бала күнгі арманы болған. Сол арманын ол табандылықпен орындап, бүгінде Отан қорғау жолында үлгі боларлық еңбек етіп келеді. Әскер қатарына 2001 жылы шақырылып, Отар станциясындағы танк батальонында Отан алдындағы борышын өтеді. Сол кездің өзінде тәртіпке берік, жауапкершілігі жоғары сарбаз ретінде көзге түсіп, командирлерінің сеніміне ие болған. Әскерден кейін 2004 жылдан бастап Шекара қызметінде үздіксіз еңбек етуде.

Жандос Ертасұлының шекарашы ретіндегі алғашқы қадамы туған жеріндегі «Шиелі» шекара заставасынан басталды. 2011 жылдан 2017 жылға дейін ол «Ұзынқұдық» шекара заставасында қызмет етті. Бұл жылдар – оның кәсіби шыңдалу кезеңі еді. Әскери қызметтің қыр-сырын жетік меңгеріп, өзінен кейінгі жас сарбаздарға үлгі бола білді. Кейіннен 2017-2020 жылдар аралығында оқу орталығында бөлімше командирі қызметін атқарып, мерзімді әскери қызметшілермен тығыз жұмыс жүргізді. Ол үшін бұл – жай ғана қызмет емес, үлкен жауапкершілік болатын. Себебі, әрбір сарбаздың қауіпсіздігі, уақтылы тамақтануы мен тынығуы – оның күнделікті назарындағы басты міндет еді. Сол себепті әр сарбаз оны «екінші әкеміздей» деп атайтын. 2020 жылы «Шиелі» комендатурасында қызмет атқарып жүрген кезінде басшылық оның қырағылығын тәжірибесін, еңбекқорлығын жоғары бағалап, «Тұшықұдық» шекара бөлімшесіне старшина лауазымына тағайындайды. Бұл қызмет – сенімнің және үлкен жауапкершіліктің көрінісі.

Бүгінде аға сержант Қоянбаев өз қарамағындағы қызметкерлердің рухын көтеріп, тәртіп пен бірлікті басты орынға қоя отырып, бөлімшенің жұмысын жандандырып келеді. Қызметте талапшыл өмірде қарапайым, отбасында мейірімді әке – Жандос Ертасұлы бес баланың әкесі. Үйінде екі ұл мен үш қыз тәрбиелеп отыр. Балаларына елге қызмет етудің қадірін, тәртіп пен адалдықтың мәнін үйретіп келеді.

Айта кетерлігі, кейіпкеріміз танымал тұлға Нұрлан



Қоянбаевтың немере ағайыны. Бала күндерінде бірге өсіп, ауылдың кең даласында арман қуған қос бауыр бүгінде әр салада ел абыройын асқақтатып жүр – бірі мәдениет пен өнер саласында, екіншісі ел шебінде Отан күзетінде.

Аға сержант Жандос Қоянбаев – қызметіне адал рухы биік, қарапайым қазақ сарбазының жарқын бейнесі. Оның өмір жолы – әр жас әскери үшін өнеге, әр отбасына мақтаншы.

Аға лейтенант  
Ә. ТӨЛЕБАЙ, «OS-ЧР».  
Суретті түсірген автор.

## ОН СТОЯЛ ТАМ, ГДЕ ЗЕМЛЯ ДРОЖАЛА ПОД ШАГОМ ИСТОРИИ...



**Есть в жизни моменты, которые измеряются не годами, а вечной любовью к Родине - когда человек переступает через обычное понимание долга и становится настоящим символом стойкости, мужества и преданности Отчизне. Именно таким человеком во все годы службы был и остаётся старшина Марат Менжесаров.**

Свой боевой путь Марат Давлетович начал в мае 1997 года в Зайсанском пограничном отряде войсковой части 2017, на заставе «Майчилик». С первых дней службы он доказал, что пограничная служба - не просто профессия, а призвание. Он был там, где рубеж - это не линия на карте, а линия жизни, чести и ответственности.

Но особенно тяжёлым и судьбоносным испытанием стала служба в составе Отдельного сводно-стрелкового батальона, направленного на охрану таджикско-афганского участка государственной границы. С июня по октябрь 1998 года Марат Давлетович с боями прошёл через суровые ущелья и высокие

перевалы Памира там, где под свистом ветра и рокотом горной реки посты стоят как вечные стражи порядка. Он был на посту «Дробак» в районе Калай-Хумба, где каждый рассвет встречался с мыслью о том, что сегодня - снова граница, снова ответственность, снова - жизнь Родины в твоих руках.

Эта служба в экстремальных условиях стала не только честью, но и поворотным рубежом в формировании характера настоящего пограничника. Он прошёл через это с достоинством, плечом к плечу с товарищами, разделяя и труд, и опасность.

Вернувшись из Таджикистана, Марат Давлетович продолжил службу уже в рядах профессиональных пограничников. С мая 2002 года он вносил свой весомый вклад в укрепление Государственной границы РК, служив на заставе «Есиль» войсковой части

2032, а затем долгие годы - на пограничной комендатуре «Мамлютка».

Его служба отмечена заслуженными наградами - знаками отличия «Отличник пограничных войск» I и II степени, поощрениями руководства Департамента Пограничной службы КНБ и Директора ПС КНБ. Эти награды - не просто металлы. Это - признание пути, который он прошёл, не щадя себя, ради безопасности и спокойствия людей.

И даже выйдя на пенсию по выслуге лет в июле 2024 года, Марат Давлетович не оставил стены своего родного ведомства. Он продолжает служить в отделе пограничного контроля «Петропавловск» (железнодорожное), передавая опыт молодым, поддерживая порядок и дисциплину, оставаясь стражем порядка на рубежах Родины.

Его судьба - это судьба поколений пограничников, которые служат Родине не словами, а делом, стоят там, где труднее всего, и являются надёжным щитом для тех, кто идёт за ними.

Майор Д. МУКАЖАНОВА, «OS-ЧР».  
Фото из личного архива М. МЕНЖЕСАРОВА.



## ҚЫЗМЕТТІҢ АЛҒАШҚЫ БЕЛЕСІ

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің Шығыс Қазақстан облысы бойынша департаментінде әскери қызметшілерге алғашқы офицерлік атақ беру рәсімі өтті. Бұл салтанатты жиын шекара қызметіндегі кадрлық әлеуетті нығайтуға, жас офицерлердің кәсіби жолына серпін беруге бағытталған маңызды оқиғалардың бірі болды.

Іс-шара барысында департамент бастығы полковник Бауыржан Садықов ҚР ҰҚК Шекара академиясының төрт айлық курсы сәтті аяқтаған, сондай-ақ жоғары білімі бар келісімшарт бойынша әскери қызмет атқарып жүрген шекарашыларға алғашқы офицерлік «лейтенант» әскери атағын салтанатты түрде табыстады.

Алғашқы офицерлік атаққа ие болғандар қатарында ефрейтор Әсет Жұмағұл, үшінші сыныпты сержант Аслан Қаратаев, аға сержант Бауыржан Осеров, ефрейтор Ерасыл Сабидолла, ефрейтор Жаслан Слямханов және ефрейтор Темірлан Турусбеков бар.

Салтанатты рәсім кезінде полковник Бауыржан Садықов ҚР ҰҚК Төрағасының алғашқы әскери атақ беру туралы бұйрығын жеткізіп, жас офицерлерді жауапты әрі мәртебелі қызмет жолының басталуымен құттықтады. Ол өз сөзінде офицер атағының мәні мен маңызына ерекше тоқталды.

— Офицер — жай ғана әскери маман емес. Ол — ел намысын қорғаушы, жер тұтастығы мен халық тыныштығының кепілі. Офицер болу — үлкен сенім мен жоғары жауапкершілік. Ал білім мен кәсіби дайындық бұл жолда басты тірек, — деді департамент бастығы.

Рәсім барысында жаңадан лейтенант атағын алған Жаслан Слямханов сөз сөйлеп, көрсетілген сенім үшін алғысын білдірді. Ол алған теориялық және практикалық білімдерін алдағы қызметінде тиімді пайдаланып, мемлекеттік шекараны күзету ісіне бар күш-жігерін жұмсайтынын атап өтті.

Офицерлер ел сенімін ақтауға, қызметтік міндеттерін адал атқаруға, мемлекеттік шекараны қырағылықпен қорғауға дайын екендіктерін жеткізді. Бұл олардың кәсіби тұрғыда өсіп, Отан алдындағы борышты терең сезінетінін айқын көрсетті.

Салтанатты іс-шара шекара қызметіндегі сабақтас-тық пен кәсіби дамудың жарқын үлгісіне айналды.



Жас офицерлердің қатары толығып, шекара күзетінің сенімді тірегі нығая түсті. Бұл — ел қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі маңызды қадамдардың бірі.

Подполковник  
**Ғ. БАКЕТОВ, «OS-ЧР».**  
Сурет департаменттен.

### АШЫҚ ЕСІК КҮНІ

## ОТБАСЫ МҮШЕЛЕРІМЕН КЕЗДЕСУ ӨТТІ

ҚР ҰҚК Шекара қызметі Павлодар облысы бойынша департаментінде әскери қызметшілердің отбасы мүшелерімен кездесу өткізілді. Іс-шара Павлодар қаласындағы Жастар бастамаларын дамыту орталығында өтіп, әскери қызметті ұйымдастыруға байланысты мәселелерге арналды.



Кездесудің негізгі мақсаты — әскери қызметшілердің отбасыларын толғандыратын өзекті мәселелерді ашық талқылау, әлеуметтік-құқықтық қолдауды күшейту және басшылық пен отбасы мүшелері арасындағы өзара сенімді нығайту болды.

Кездесу барысында департамент бастығы полковник Мадияр Жұмадилов сөз сөйлеп, департаменттің қызмет бағыты мен алдағы жоспарларына қысқаша тоқталды. Ол өз сөзінде әскери қызметшілердің отбасы — шекара қызметінің ажырамас бөлігі екенін атап өтіп, отбасының әлеуметтік тұрақтылығы әскери қызметтің тиімді әрі сапалы орындалуына тікелей әсер ететінін жеткізді.

Кездесу ашық әрі еркін пікір алмасу форматында өтті. Әскери қызметшілердің жұбайлары әскери қызметті өткеру тәртібі, қызметті ұйымдастырудың ерекшеліктері, тұрғын үй төлемдеріне және тұрғын үй заңнамасына қатысты мәселелер, кадрлық рәсімдер, қаржылық және әлеуметтік кепілдіктерге қатысты өздерін толғандырған сұрақтарын қойды.

Кездесу барысында көтерілген мәселелер мен ұсыныстар зерделеніп, оларды шешу жолдары белгіленді. Тиісті бағыттар бойынша жауапты лауазымды тұлғаларға тапсырмалар жүктеліп, олардың орындалуы бақылауға алынды.

Кездесу соңында департамент басшылығы әскери қызметшілердің отбасы мүшелерімен осындай ашық форматтағы кездесулер алдағы уақытта да жүйелі түрде жалғасын табатынын атап өтті.

Майор **Г. САДЫКОВА, «OS-ЧР».**  
Суретті түсірген автор.

## УКРЕПЛЯЯ ДОВЕРИЕ

Департаментом ПС КНБ по Мангистауской области совместно с общественным объединением «Комитет солдатских матерей «Сердца матерей» организован День открытых дверей для родителей солдат срочной службы.

Мероприятие прошло на пограничных кораблях первого дивизиона береговой охраны и пограничном отделении «Каражанбас» пограничного управления по Каракиянскому району.

В ходе визита родителям была организована экскурсия по пограничному отделению, боевым кораблям и катерам. Командиры рассказали о задачах подразделений, особенности несения службы, продемонстрировали вооружение и техническое оснащение. Гости также ознакомились с условиями проживания личного состава, организацией питания и повседневного быта солдат.

Заместитель командира дивизиона по воспитательной, идеологической и кадровой



работе подполковник Султан Баймагамбетов отметил, что проведение подобных встреч направлено на укрепление доверительных отношений и открытого взаимодействия.

— Основная цель мероприятия, показать родителям реальную картину службы и быта, а также выстроить открытый и честный диалог. Мы хотим, чтобы родители были уверены, что их сыновья проходят службу в достойных и безопасных условиях, — прокомментировал офицер.

Особую атмосферу мероприятию придал праздничный обед, подготовленный для гостей. Завершился день совместным досугом солдат и родителей: в теплой и неформальной обстановке они общались, играли в шашки и шахматы, делились впечатлениями и словами поддержки.

Капитан  
**А. ЖАНАЛИПОВ, «OS-ЧР».**  
Фото автора.



## ЖЕДЕЛ КЕЗЕКШІЛЕР ТӘЖІРИБЕ АЛМАСТЫ

...Алматы облысы бойынша департаментінің жедел кезекшілер бөлмесі. Мұнда Шекара қызметінің департаменттерінен бас қосқан Жауынгерлік кезекшілік және ахуалды ақпараттандыру басқармаларының бөлім бастықтары мен офицерлеріне арналған жиын өтіп жатыр. Айта кетерлігі, 3 ақпанда басталған шара кезінде лауазымды тұлғалар ҰҚК Шекара академиясында кәсіби біліктілік курсынан өтіп, сертификатқа қол жеткізген. Әрі қарай, Алматы облысы бойынша департаментіне келген жиынға қатысушыларға үлгі ретінде осындағы жедел кезекшілер бөлмесі көрсетілді.



інде ашылғанына бірнеше жылдың жүзі болған Кеңес Одағының батыры И.Панфилов атындағы әскери-тарихи музейіне барды. Александр Бектің Бауыржан Момышұлы туралы «Арпалыс» деген кітабында терең суреттелген панфиловшылардың көзіндей болып қалған түрлі заттар, суреттер бәрі-бәрі келушілердің жүрегіне патриотизмнің дәнін сеппей қоймайтын еді...

Міне, бір аптадан астам уақытқа созылған жиын да өз мәресіне жетіп, офицерлер өздерінің кәсіби біліктіліктерін көтеріп қана қойған жоқ, бір-бірімен тәжірибе алмасты. Әсіресе, жаңа лауазымға тағайындалғанына көп уақыт өте қоймағандар үшін бүгінгі жиынның бергені, тигізген көмегі орасан болғаны анық. Айтпақшы, жиынға басшылық жасаған полковник В.Канатов бізбен сұхбат кезінде шараға белсене атсалысумен шектеліп қоймай, біліктілік курсынан жоғары баға алған қос офицерді атаған. Өздерін сөзге тартып көріп, өз існің майталмандары екенін бағамдаған біз олар туралы бөлек қалам тербегенді жөн көрдік. Абай және Жамбыл облыстары бойынша департаменттерінен ат арылтып келген қос офицердің қызмет туралы өз айтарлары болғандықтан...

**Әскери журналист  
Т. ДӘУЛЕТБАЕВА, «OS-ЧР».**  
Суретті түсірген автор.

ҰҚК Шекара қызметі Жауынгерлік кезекшілік және ахуалды ақпараттандыру департаменті бастығының орынбасары – басқарма бастығы полковник В.Канатов бастаған офицерлерді қазақтың Райымбек пен Қарасай батырлары қарсы алды. Дәлірегі, департаментке қарасты қос шекара басқармасына есімдері берілген батырлардың суреттері жиналғандарға қабырға төрінен көз салып тұр еді... Өз сөзін осынау батырлардың суреттерінен бастаған Валерий Маликович осынау көріністен үлгі алуды айта кеткен. Сосын департаментке қарасты басқарма бастығының орынбасары

подполковник Ялкунджан Сайдуллаев кезекшіліктің «Қызметті тапсыру» және «Қызметті қабылдау» тәртібімен таныстырды. Сосын мұнда жедел кезекші мен оның көмекшілері үшін барлық жағдай жасалғанына егжей-тегжей тоқталып өткен подполковник Я.Сайдуллаев тағы бір тамаша жаңалыққа тоқталған. Сөйтсек, кезекшілік атқару кезінде офицерлер департаменттің аумағында болып жатқан оқиғаларды арнайы құрылғылар арқылы бақылап отырады екен. Тағы, басқарманың күшімен жедел жауынгерлік тобының бөлмесі ашылды. Бұл – аяқ астынан туындап

қалған төтенше оқиғалар мен оқу-жаттығу жиындарына арналған.

...Осылайша, жан-жақтан жиналған шекарашылар департаменттің тынысы мен тіршілігін қалт жібермей бақылап отыратын жедел кезекшінің қызметімен танысып, өздеріне қажеттілерін түртіп алған соң осындағы «лабиринт» секілді дәліздермен жүріп отырып, тұсауы жақында ғана кесілген жедел жауынгерлік тобының бөлмесін көрген. Лайықты бағасын беру керек, бұл да полковник Данияр Керімқұлов басқаратын басқармаға тиесілі жетістіктердің бірі.

Жыл сайын Алматыда өтіп

келе жатқан жиын кезінде бөлім бастықтары мен олардың көмекшілері шекарашы ардагерлердің «Застава тарландары» республикалық қоғамдық бірлестігінің филиалында болып, осындағы құнды жәдігерлер мен суреттерден тұратын мұражайын аралап көрді.

...Сонымен, соңғы штрих. Бұл – қаланың мәдени ошағы туралы. Дәлірек айтсақ, жиынға қатысушылар үшін қалыптасқан игі дәстүрге сай, офицерлер 28 гвардиялық-панфиловшылар саябағына барып, мәңгілік алау басына гүл шоқтарын қойды. Сондай-ақ, Қорғаныс министрлігінің Офицерлер үй-

## САЛЫҚ ДЕКЛАРАЦИЯСЫ ТӘРТІБІ



ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаментінің «Қорғас» шекаралық бақылау басқармасында жеке құрамға арналған маңызды түсіндіру іс-шарасы ұйымдастырылды. Аталған жиынға салық комитетінің білікті мамандары Ж.Сағымбекова мен Н.Кали қатысты.

Іс-шара барысында мамандар салық декларациясын уақтылы тапсырудың маңыздылығына ерекше тоқталды. Декларацияны кешіктіру немесе дұрыс толтырмау заңнама талаптарына қайшы келетінін, сондай-ақ белгілі бір жауапкершілікке өкеп соғатынын атап өтті. Осы тұрғыда әрбір мемлекеттік қызметкердің жеке жауапкершілігі жоғары болуы қажеттігі түсіндірілді.

Сонымен қатар декларацияны толтыру жолдары мен негізгі талаптары нақты

мысалдар арқылы кеңінен баяндалды. Электрондық форматта тапсыру тәртібі, қажетті құжаттар тізімі және жиі кездесетін қателіктер туралы толық мәлімет берілді. Мамандар қатысушыларға түсінікті әрі қолжетімді тілде ақпарат жеткізіп, практикалық кеңестер ұсынды.

Қорытындылай келе, аталған түсіндіру жұмысы жеке құрам үшін пайдалы әрі өзекті болды. Мұндай іс-шаралар мемлекеттік қызметкерлердің заң талаптарын терең түсінуіне, қаржылық тәртіпті сақтауға және азаматтық жауапкершілікті нығайтуға ықпал етеді. Алдағы уақытта да осындай ақпараттық кездесулердің жалғасын табуы маңызды екені атап өтілді.

**Подполковник М. ҚАРЕКЕНОВ, «OS-ЧР».**  
Сурет шекаралық басқармадан.



## ЖЕҢІСКЕ ЖЕТЕЛЕГЕН ЖІГЕР

Қоғамда салауатты өмір салтын қалыптастыруда спорттың орны ерекше. Әсіресе әскери қызметшілер үшін дене дайындығы тек кәсіби міндет қана емес, сонымен қатар тәртіп пен төзімділіктің көрсеткіші болып саналады.

Осы тұрғыда «Спорт – есірткіге қарсы!» атты облыстық шаңғы чемпионатына қатысқан ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаментінің Панфилов ауданы бойынша шекара басқармасының әскери қызметшісі, ефрейтор Азат Джанбаевтың жетістігі – үлгі боларлық нәтиже.

Аталған жарыс жастар мен әскери қызметшілер арасында зиянды әдеттердің алдын алу, спортты кеңінен насихаттау және денсаулықты нығайту мақсатында ұйымдастырылды. Осындай маңызды додада ефрейтор Азат Джанбаев шеберлігі мен табандылығын көрсетіп, ерлер арасында командалық есепте үшінші орынды иеленді. Бұл жетістік – жеке спорттық дайындықтың ғана емес, ұжымдық бірліктің де айқын көрінісі.

Шаңғы спорты төзімділік пен ерік-жігерді талап етеді. Қиын ауа райы жағдайында, ұзақ қашықтықты еңсеру барысында спортшының физикалық дайындығы ғана емес, психологиялық беріктігі де сыналады. Осындай сындардан сүрінбей өтіп, жүлделі орынға ие болу әскери қызметшінің қызметке деген жауапкершілігі мен жоғары дайындығын көрсетеді.

Ефрейтор Азат Джанбаевтың жетістігі шекара қызметі қатарындағы басқа әскери қызметшілерге де оң үлгі болып табылады. Спорттағы табыс – әскери ұжымдағы рухты көтеріп, жас буынды салауатты өмір салтын ұстануға ынталандырады. Бұл – есірткіге қарсы күрестің де тиімді жолдарының бірі.

Қорытындылай келе, «Спорт – есірткіге қарсы!» чемпионатында қол жеткізілген жүлделі орын – әскери қызметшілердің тек қызметтік міндеттерді орындауда ғана емес, қоғамдық маңызы бар бастамаларға белсенді қатысатынын дәлелдейді. Мұндай жетістіктер ел қауіпсіздігін күзетіп жүрген шекарашылардың жан-жақты даярлығын айқындап, спорт пен тәртіптің бір-бірімен тығыз байланысты екенін көрсетеді.

Подполковник  
М. ҚАРЕКЕНОВ, «ОС-ЧР».  
Сурет шекара бөлімшесінен.



САРБАЗ ХАТЫ

Сәлем хат!

Ардақты әке, аяулы ана! Сіздерге шекара бөлімшесінен ыстық сәлем жолдаймын. Ұайымдамаңыздар, менде бәрі жақсы. Денсаулығым да, көңіл-күйім де орында. Әскери қызмет өз ретімен өтіп жатыр. Күн сайын Отан алдындағы борышыңды абыроймен атқарып, тәртіп пен жауапкершілікті үйренудемін. Мұндағы ұйымшылдық пен бауырмалдық маған үлкен өмір сабағын беріп жатыр. Әр қадамда сіздердің үміттеріңізді ақтауға тырысамын. Үйдегілердің амандығы – мен үшін ең үлкен күш. Алла қаласа, аман-есек қызметімді аяқтап, елге абыроймен ораламын. Сіздерді қатты саяхатпен баршаңызға мықты денсаулық, тыныштық пен береке тілеймін.

Ізгі тілекпен, сіздердің ұлдарыңыз:  
Дюсекеев Ядигар Ямакельдыұлы.





## ҚАУІПСІЗДІК ПЕН СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАСЫМДЫҚ ҚҰРАЛЫ

Қазіргі жаһандану дәуірінде технологияның қарқынды дамуы әскери саланы да түбегейлі өзгертуде. Соның ішінде жасанды интеллект – қарулы күштердің мүмкіндігін арттырып, қауіпсіздік пен тиімділікті қамтамасыз ететін негізгі құралдардың біріне айналды. Дамыған мемлекеттер жасанды интеллектіні барлау, басқару, логистика, киберқауіпсіздік және ұрыс алаңындағы шешім қабылдау процестеріне белсенді түрде енгізіп келеді.



Жасанды интеллектіні әскери салада қолданудың басты бағыттарының бірі – барлау және талдау жұмыстары. Заманауи соғыстарда ақпарат – ең басты ресурс. ЖИ жүйелері спутниктік суреттерді, дрон арқылы алынған бейнематериалдарды және түрлі сенсорлық деректерді жылдам сараптап, қауіп-қатерді ерте анықтауға мүмкіндік береді. Бұрын бірнеше күн немесе апта қажет ететін талдау жұмыстары қазір санаулы минуттар ішінде орындалады. Бұл командирлерге жедел әрі дәл шешім қабылдауға жағдай жасайды.

Екінші маңызды бағыт – ұшқышсыз басқарылатын аппараттар. Дрондар мен роботтандырылған техника жасанды интеллект арқылы автономды режимде жұмыс істей алады. Олар барлау жүргізу, шекараны бақылау, қауіпті аймақтарды тексеру және тіпті белгілі бір деңгейде соққы беру міндеттерін орындайды. Мұндай технологиялар жеке құрамның өміріне төнетін қауіп-қатерді азайтады және адам шығынын төмендетуге ықпал етеді. Жасанды интеллект логистика саласында да тиімді қолданылуда. Әскерді қажетті құрал-жабдықпен, азық-түлікпен және оқ-дәрімен қамтамасыз ету – күрделі процесс. ЖИ алгоритмдері қорларды есептеп, тасымалдау маршруттарын оңтайландырып, ресурстарды тиімді бөлуге көмектеседі. Нәтижесінде уақыт үнемделіп, шығын азаяды.

Киберқауіпсіздік те ЖИ қолданудың маңызды саласы. Қазіргі таңда кибершабуылдар ұлттық қауіпсіздікке үлкен қатер төндіреді. Жасанды интеллект желідегі күмәнді әрекеттерді анықтап, шабуылдардың алдын алуға немесе олардың салдарын азайтуға мүмкіндік береді. Автоматты қорғаныс жүйелері ақпараттық инфрақұрылымды тәулік бойы бақылауда ұстайды.

Сонымен қатар, жасанды интеллект әскери дайындық процесінде де кеңінен қолданылуда. Виртуалды тренажерлар мен модельдеу жүйелері сарбаздардың жауынгерлік машықтарын жетілдіруге көмектеседі. ЖИ негізіндегі симуляциялар түрлі сценарийлерді жасап, жеке құрамды күрделі жағдайларға психологиялық және тактикалық тұрғыдан дайындайды. Алайда жасанды интеллектіні қарулы күштерде қолдану бірқатар этикалық және құқықтық мәселелерді де туындатады. Автономды қару жүйелерінің шешім қабылдау процесіне адамның араласу деңгейі, халықаралық гуманитарлық құқық талаптарының сақталуы – әлемдік қауымдастық талқылап отырған маңызды мәселелердің бірі. Сондықтан ЖИ технологияларын енгізу барысында қауіпсіздік, бақылау және жауапкершілік тетіктері қатаң сақталуы тиіс.

Қорытындылай келе, жасанды интеллект – қарулы күштердің тиімділігін арттырып, заманауи қауіп-қатерлерге қарсы тұру қабілетін күшейтетін стратегиялық ресурс. Ол барлау сапасын жақсартып, логистиканы оңтайландырып, киберқауіпсіздікті нығайтып, әскери дайындықты жаңа деңгейге көтереді. Дегенмен, бұл технологияларды жауапкершілікпен және халықаралық нормаларға сәйкес пайдалану – уақыт талабы. Болашақта жасанды интеллект әскери саланың ажырамас бөлігіне айналып, қауіпсіздік жүйесінің жаңа келбетін қалыптастыратыны сөзсіз.

Аға лейтенант Ә. ТӨЛЕБАЙ, «OS-ЧР».  
Сурет ЖИ арқылы жасалды.

